

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 265-268.


ӘОЖ 63.633.2.03

ТАБИҒИ МАЛ АЗЫҚТЫҚ АЛАПТАРДЫ ҰТЫМСЫЗ ПАЙДАЛАНУ МЕН МӘСЕЛЕНІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ


*Сулейменова А.К. 1-курс магистранты
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Табиғи мал азықтық алаптар сарқылмас қорларға жататын аса маңызды ресурс-тардың бірі. Қазіргі уақытта ауылшаруашылығымен, соның ішінде мал шаруашылығымен айналысатын агроқұрылымдар тұрғындарының экономикалық әл-ауқатын, сонымен қатар олардың территориясының экологиялық жағдайларын сақтау мақсатында ауыл шаруашылық алаптарын, соның ішінде жайылымдарды тоздырмай тиімді пайдалану өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында жайылымдар ауыл шаруашылығы алқаптарының басым түрі. Жер қоры туралы талдамалы жиынтық есеп мәліметтері бойынша оның территориясында 184,9 млн га астам мал азықтық алаптар бар, оның 5,8 млн га жақсартылған. Ауылшаруашылық алаптар құрамында табиғи мал азықтық алаптардың үлес салмағы республиканың солтүстігінен оңтүстігіне қарай бағытталғанда көтеріле бастайды. Олардың үлесі орманда-далалы аймақта – 44%, құрғақ-далалы – 57%, жартылай шөлейтті – 82% құрайды. Төмендегі 1,2 суреттерде 1991-2021 жылдардағы мал азықтық алаптардың жер көлемінің өзгеруі көрсетілген [1].




Сурет 1 - Жайылым алаптар территориясының өзгеру динамикасы



2 сурет - Шабындық алаптар территориясының өзгеру динамикасы

Алайда, соңғы уақытта жайылымдарды пайдалану жағдайы күрделене түсті, бұл 27,1 млн гектарға жеткен деградацияланған жерлердің жыл сайынғы өсімімен себептеледі. Елді мекендердің айналасындағы жайылымдар территориясының деградацияға ұшырауы соңғы уақыттары жеке мал басының едәуір өсуі мен жер пайдаланушылар арасында жайылымдық алаптардың біркелкі бөлінбеуі, сондай-ақ шалғайдағы жайылымдарда тұрғылықты жерінің айналасында 5-7 км суару көздерінің болмауы. Осыған байланысты ауылдардың айналасындағы жайылымдар жарамсыз болып қалып жатыр. Жайылым-дардың тапталуы негізінен тау етектерінде – 3,8 млн га, шөлді аймақта – 13,2 млн га, орманды-далалы және далалы аймақта 5,6 млн га [2].

Үшінші суретте Қазақстанның тапталған жайылым алаптарының облыс бойынша үлесі көрсетілген. Өңірлік тұрғыдан алғанда тапталған жайылымдардың шағын аландары Атырау (4,2 млн га), Ақтөбе (3,9 млн га), Алматы (3,0 млн га), Батыс Қазақстан (2,9 млн га), Қызылорда (2,2 млн га), Ақмола (2,0 млн га) облыстарында кездеседі.



3 сурет - Тапталған жайылым алаптардың облыс бойынша үлесі (2021 ж.)

Жайылымдардың азықтық өнімділігі пайдалану әдісіне байланысты. Қазақстан аумағындағы мал азықтық алаптардың тозуының негізгі проблемасы – жердің жүйелі және ұтымды пайдаланылмауы [3]. Зерттеушілер жайылымдардың деградациялануының себебін ашып, осы жағымсыз құбылыстың негізгі себебін көрсен. Олардың пікірі бойынша, көпжылдық статистикалық және эксперименттік деректерді талдауға негізделген жайылымдық аумақтардың тапталу себебі келесідей іс – шаралар кешенін сақтамау болып табылады: жайылымның жүктемесі, әдістері мен мерзімдері, жайылымдарды толықтай пайдалану коэффициенті және басқалары. Сондай-ақ, жайылымдарда шамадан тыс мал жаю жүктемесінің теріс рөлінің басымдылығын атап көрсетеді.

Қазақстанда жайылымдардың жүйесіз және ретсіз пайдаланылуы бағалы дәнді өсімдіктерінің құлдырауына және олардың өнімділігінің төмендеуіне әкеледі. Нәтижесінде қоректілігі нашар, зиянды және улы шөптермен қаныққан жайылымдар пайда болды. Республиканың көптеген ауыл шаруашылық кәсіпорындарында қолданылатын жүйе - қыста қорада ұстау және жазда жайылымдарда еркін мал жаю болып табылады. Еркін мал жаю жүйесінің айтарлықтай кемшіліктері бар. Бұл жайылым учаскесінің бүкіл аумағынан өтіп, жайылымдағы барлық табиғи азық базасын таптап кетуі. Мұндай мал жаю жүйесі бүкіл учаскені бірден деградацияға ұшыратпайды, тек мал көп шоғырланатын жерлері ғана ұшырайды. Демек, шектен тыс мал жаю жайылымға тікелей немесе топырақ арқылы шөптің құрамына әсер етеді, әсіресе қарқынды және реттелмеген кезде. Оның

тікелей әсері - бұл мал жеуге жарамды шөптердің кейбір түрлерін азаюына, басқаларының, яғни арамшөптердің көбеюіне ықпал етеді. Сондықтан мал жаю шөптің құрамына айтарлықтай әсер етеді: кейбір жоғары сабақты түрлердің көптігін азайтады және дәнді шөптердің көбеюіне ықпал етеді [4].

Негізінен елді мекендерге, су қоймаларына, жазғы лагерьлерге және ең дәмді шөпті бөліктерге жақын аумақтарға деградация процесі қатты әсер тигізеді. Кейбір жағдайларда тапталған жайылымдардың алаңы 2 есеге ұлғайып, басқаларында шамалы өзгерсе де, кей тұстарда топырақтың тым жалаңаштануы немесе улы арам шөптер басып кетуі көбірек кездеседі. Тапталған жайылымдарда қарқынды жайылымның әсерінен түрлердің жалпы санының азаюы және жайылымдық жем сапасының нашарлауы жолында жайылымдық деградация орын алады.

Табиғи жайылымдардың өнімділігінің үдемелі төмендеуін тоқтату және оларды одан әрі жақсы деңгейде ұстау үшін күтім мен дұрыс пайдалану бойынша бірқатар шараларды жүзеге асыру қажет:

- шөптерді себу арқылы жер оттылығын жақсарту;
- жайылымдарды қалпына келтіру үшін қолданудан уақытша алу немесе демалдыру;
- қатаң бақылау жүргізу;
- шөпті күту бойынша агротехникалық іс-шараларды жүргізу.

Барлық осы жайылымдық күтім және оны пайдалану шаралары жайылым айналымы жүйесіне біріктіріледі. Сондықтан жайылымдарды ұтымды пайдаланудың негізгі шарты жайылым айналымын қолдану болып табылады, ол қора жүйесінде малдарды реттеліп жаюды, жайылымның белгіленген тәртібін және шөпті жаю техникасын сақтауды, жайылымның басталу және аяқталу мерзімдерін әр қорада жылдар бойынша кезектестіруді, ал қажет болған жағдайда жайылымдық пайдалану қораларында шабындыққа мезгіл-мезгіл ауысуды көздейді.

Қорыта айтқанда жайылымдардың деградацияға ұшырауы оларға антропогендік әсер ету факторлары мүмкіндік шегінен асып кеткен жағдайда орын алады. Бұзылған экожүйелердің жерлерін жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізу арқылы оларды қалпына келтіру жұмыстары аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып жүргізіледі (шөп егу немесе көпжылдық шөп қайта егу, жайылым айналымдарын енгізу және т.б.). Қазіргі кезде бұл жұмыстардың жүргізу қарқындылығы төмен. Сол себептен деградация процесі Қазақстанның табиғи мал азықтық алқаптардың құндылығының жоғалтуына қатты әсерін тигізеді. Жоғарыда айтылған мәселелерді шешу мал азықтық алаптар территория-сын зерттеуді қажет етеді, бұл біздің әрі қарай зертеулеріміздің тақырыбы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының жер қоры туралы жылдық аналитикалық есеп, 2021ж.

- 2 Можаев Н.И., Серикпаев Н.А. Практикум по кормопроизводству [Текст]: - Астана: Типография КазАТУ им. С.Сейфуллина, 2007. - 51-52 с.
- 3 Robinson S., Milner E., Alimaev I. Rangeland degradation in Kazakhstan during the Soviet era [Text] / Journal of Environments. - 2003. – Vol. 53 (3). - P. 419-439.
- 4 Zhang K, Zhao K. Afforestation for sand fixation in China [Text] / Journal of arid environment. – 2011. -Vol. 16. -No1: - P. 3-10.

Ғылыми жетекшісі: доцент Карбозов Т.Е.